# Күз мезгілінің картотекасы







# №1

**Бақылау:**Жаңбырды бақылау.

**Мақсаты:**Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы;Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр.

**Еңбек**:Ағаш түптерін қопсыту.

**Мақсаты:**Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.

**Жеке жұмыс:** Ал керемет бұл қандай?
Төгіледі төбеден.
Көк теңізден құйғандай
Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр)

**Мақсаты:**Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арртыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.

**Ойын:** «Айгөлек-ау айгөлек».

**Мақсаты:**Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.

**Қимылдық ойын:** «Сұр қоян».

**Ойын барысы:**Ойыншылардың біреуі қоян болады.Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады.Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады.Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады:



Бармақ болып тоғайға сұр көжек,
Жуынып жатыр бүгжеңдеп:
Тұмсығын жуды,
Құйрығын жуды,
Құлағына жуды-түртінді,
Құп-құрғақ боп сүртінді.

Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды:тұмсығын, құйрығын , құлағын жуады, бәрін сүртеді.Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді(қонаққа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқандаойын аяқталады.

**Балалардың өз бетімен ойнауы:**

1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық.

2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік.

**Тренинг:** «Қолшатыр».



## №2

**Бақылау:**Бұлтты бақылау.
**Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлииарды ажырату.
**Еңбек**:Ауладағы гүлдерді суару.
**Мақсаты:**Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу.
**Жеке жұмыс:** Аспанға ұшар бу болып
Жерге қайтар су болып. (Бұлт)
**Мақсаты:**Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру.
**Ойын:** «Кімге қандай құрал керек?»
**Мақсаты:**Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.
**Қимылдық ойын:** «Соқыр теке».
**Ойын барысы:** Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі.Қалғандары оны «соқыртеке бақ-бақ»,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып «соқыртек» болады.Ойынщылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді.
**Дербес ойындар:**
1.Әткіншектебу.
2. Тартылғышқа тартылу.
**Тренинг:** «Біз тату баламыз».

## №3

**Бақылау:**Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау.
**Мақсаты:**Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру.
**Еңбек**:Құстарға жем сауыт жасау.
**Мақсаты:** Құстарға қамқорлық карауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу.
**Жеке жұмыс:** Сап-сары боп келе жатқан ,
Сезді мекен күзді олар .
Қарлығаштар ұшып кетті,
Ұшып кетті тырналар.
**Мақсаты:**Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру.
**Дидактикалық ойын:** «Күзде не киеміз?»
**Мақсаты:**Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкию үлгісін көрсете түсіндіру.
**Қимылдық ойын:** «Аттамақ».
Мақсаты:Денені шыныктыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу.
**Ойын барысы:** Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады.Бріншісі-төмен ,оны аттап өту керек, екінші-биік, оны еңкейіп, үшіншісіінен тағы да аттап өту керек.Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп , содан соң көзін байлап, бір айналдырып қояберу керек.Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап , алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді.
1.Сазбалшықтан «қала» құрастырайық.
2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік.
**Тренинг:** «Тырналар болып ұшайық».

## №4

**Бақылау:** Желді бақылау.

**Мақсаты:** Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру.

**Еңбек**: «Әдемі гүлдер»

**Мақсаты:**Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.

**Жеке жұмыс:** Тақпақ. «Жел»

**Мақсаты:**Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.

Жел улейді у-у-у.
Құйын келіп билейді зу-зу-зу
Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу,
Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.

**Қимылдық ойын:** «Айгөлек-ау, айгөлек».

**Мақсаты:**Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу.

**Қимылдық ойын:** «Орамал тастау».

**Ойын барысы:**Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған,ұруға ыңғайлы болады.Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді.Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды.Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс.Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалғанорынға келіп отырады.

**Дербес ойындар:**

1. «Желмен жарысайық»
2. «Менің әдемі үйім»(құрастыру)

**Тренинг:** «Қолшатыр астында».

## №5

**Бақылау:** Көшедегі машиналарды бақылау.

**Мақсаты:** Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету.

**Еңбек:** Ағаш түптерін қопсыту, су құю.

**Мақсаты:** Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету.

**Жеке жұмыс:** « Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу

Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қоыр молайту.

**Қимылдық ойын:** « Ақ қояным»

**Мақсаты:** Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру.

**Қимылдық ойын:** «Ұшты-ұшты»

**Ойын барысы:** « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты»,- дейді. Осы кезде ұшпайтын нәресеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі.Үшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба- қарға,үйрек- бүйрек, кептер- кепсер, көже- шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады.Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады.

**Дербес ойындар:**

- **«Тәтті тоқаштар» пісірейік**
- **«Мені қуып жет».**

**Тренинг: «Шаңырақ»**

# №6

**Бақылау:**Құстардың қысқы тіршілігін бақылау.

**Мақсаты:** Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру**.**

**Еңбек**: «Біздің ойыншықтар».

**Мақсаты:**Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету.

**Жеке жұмыс:** Тақпақ: «Құстар қайтып барады».

**Мақсаты:**Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.

Қазан толы
Дәулет қорын қалады.
Заңғар көкке жол сызып,
Құстар қайтып барады.

**Қимылдық ойын** **«Жүзік салу»**

**Мақсаты:** Зейін қойып тыңдауға үйрету.

**Қимылдық ойын:** «Сымсыз телефон».

**Ойын барысы:** Балалар сап түзеп тұрады.Ойын басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына сыбырлап, сөз немесе сөйлем айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, солай соңғы адамға дейін жалғасады.Ал енді ойын басқарушы соңғы адамнан бастап әлгі айтылған сөзді сұрайды.Бастапқы айтқан сөзі кейде өзгеріп кетуі мүмкін, соны қате естіп өзгерткен адам айып өтейді.Айып түрлері: Ән салу, би билеу т.б

**Дербес ойындар:**

1.Тығылыспақ
2. Әткеншек тебу.

**Тренинг:** «Құс болып ұшайық».



## №7

**Бақылау:** Ауа-райын бақылау.

**Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.

**Еңбек:** «Таза алаң».

**Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.

**Жеке жұмыс:** **Е.Өтетілеуов «Күшік».**

**Мақсаты:** Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.

Е.Өтетілеуов. «Күшік».
Үреді үйшікте
Аулада күшіктер
Біреуі оның қап-қара,
Біреуі сары ала
Біреуі қардай ақ,
Біреуі сұр жолақ
Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:
Үреді абалап



**Ойын:** «Қасқыр мен қаздар».

**Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.

**Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи».

**Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.

Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи»,- дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіртуге күш салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді.

**Балалардың өз бетімен ойнауы:**

1. Әткеншек тебу.
2. Допты қуалау.

**Тренинг:** «Біз біргеміз».

## №8

**Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау.

**Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.

**Еңбек**:Жапырақтардан гүл шоғын жасау

**Мақсаты:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.

**Жеке жұмыс:** **«Күзгі жапырақ» тақпақ**

Қыстың жақын қалғанын,
Жапырақтар сезгендей.
Желмен ұшып барады,
Жерге қонып үлгермей

**Мақсаты:** Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту.

**Ойын:** «Аю жүрген орманда».

**Мақсаты:** Қимыл қозғалысын дамыту

**Қимылдық ойын:** «Монданақ».

**Ойын барысы:** Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ»,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра аллмаған ойыншы ортаға шығады.

**Балалардың өз бетімен ойнауы:**

1.Орта доп
2.Әткеншек тебу
3.Қуаласпақ

**Тренинг:** «Бір шаңырақ астында».

## №9

**Бақылау:** Алтын күзді бақылау.

**Мақсаты:** Күзгі аланның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау.Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату.

Қуандырып біздерді,
Мерекелі күз келді
Кел жемісті алтын күз
Кемелденсін халқымыз.

Қимылдық ойын: «Жылғадан қарғып өтеміз», «Қоян мен қасқыр».

Мақсаты:Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету.

**Еңбек**: «Таза алаң»

**Мақсаты:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.

**Жеке жұмыс: «Отбасы мүшелері»**

**Мақсаты:** Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.

**Қимылдық ойын:** «Көрші».

Мақсаты:Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету.

**Ойын барысы:** Балалар екі-екіден қол ұстасып , бірінің артына бірі тұрады.Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық жүргізіледі.Ол сызықтың бойында торуылшы бір бала тұрады.Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүгірген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса , қолынан жетектеп әкеліп , топтың алдына келіп тұрады.Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады.

Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп , теріс қарап тұрады.Ортасында тұрған қасқыр қуып береді.Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді.Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан сайлайды.

**Дербес ойындар.**

**Тренинг:** «Біз татумыз».

# №10

**Бақылау:** Жәндіктерді бақылау.

**Мақсаты:** Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Міне [illegible]й, құмырсқаларды қарандаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.

«Қыстың қамын жаз ойла».

**Еңбек**:Біздің алаң.

**Мақсаты:** Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету.

**Жеке жұмыс:** **Тыйым сөздерді жаттату.**

**Мақсаты:** «Суға түкірме «, «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру.

**Қимылдық ойын:** **«Итеріспек»**

**Ойын барысы:** Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені.

Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді.

**Балалардың өз бетімен ойнауы:**

1. Тығылыспақ.
2. Тартқышқа тартылу.
3. Допты қуалау.





**Бақылау:** Күнді бақылау. №11

**Мақсаты:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле ( жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу.

**Қимылдық ойын:** «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ»

Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу.

**Еңбек**: Гүл шоғы.

**Мақсаты:** Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау.

**Жеке жұмыс:** Е.Өтетілеуұлы . «Бағдаршам»

**Мақсаты:** Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру.

Е.Өтетілеуұлы «Бағдаршам»

Сақта көше тәртібін
Бағдаршамның ал «тілін»
Біліпт алдым мен де:
Жасыл жанса, демде
Алға кетем лезде.
Сары жанса , сабыр
Сақтай тұрам әзір.
Жанса қызыл шоқтай,
Қаламын кілт тоқтай.

**Қимылдық ойын: «Үрпек төбет»**

**Мақсаты:** Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы:

Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады.Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді:

Алдыңғы екі аяққа басын сұғып,
Әнекей жалбыр төбет жатыр сұлық,
Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып,
Момақан, сырт пішіні жуас салғырт
Ояталық жақындап барайық та,
Қайтер екен содан соң-қарайық та.

Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды.Балалар қаша жөнеледі.Төбет оларды қуа жөнеледі.Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады.Төбет қайтадан ортаға отырады .Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады.

**Балалардың өз бетімен ойнауы:**

**1.Төбешіктен-төбешікке секір.**

**2.Күн мен түн**

**Тренинг:** «Күн шуағы».

## №12

**Бақылау:** Тұманды бақылау.

**Мақсаты:** Күздегі тұманды бақылау , тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру.

**Еңбек**: Ағаштардың түптерін қопсыту.

**Мақсаты:** Табиғатты аялай білуге , өсімдіктерге қамқор болуға , оларды күтіп –баптауға тәрбиелеу.

**Жеке жұмыс: Мақал-мәтел.**

Таза болса- табиғат,
Аман болар –адамзат.

**Мақсаты:** Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету.

**Ойын: «Біз кішкене отбасы»**

**Мақсаты:** Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету.

**Қимылдық ойын: « Шымшық доп»**

**Ойын барысы**: Алаңның ортасындағыбір тағанның үстіне ұзындығы 30 см, ені 6-7 тақтайшаны қисайтып қояды.Оның төменгі жағына кішкене доп қойылады.(Доп дұрыс орналасу үшін тақтайға ойыс жасап қою қажет).Ойнаушылавр тақтайшадан айналып тұрады.Басқарушы таңдап алынады.Ол тақтайшаның жоғарырақ тұрған бос шетін аяғымен теуіп қалғанда, доп жоғары секіріп кетеді.Ойнаушылар оны ұстап алады.Допты ұстап алған бала басқарушы болады да, ойын қайталанады. Ойынға бір мезгілде 5-6 баладан қатыса алады.

**Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру:**

**1.Жарысу.**
**2.Төбешікке секіру.**

# №13

**Бақылау:** Шықты бақылау.
**Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы.
**Еңбек**:Ағаш бұтақтарын жинау.
**Мақсаты:** Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету.
**Жеке жұмыс:** **«Менің Отаным» өлеңін жаттату.**

Отан –менің ата-анам,
Отан-досым , бауырым.
Отан-өлкем, астанам,
Отан-туған ауылым.

**Мақсаты:** Отанын сүюге, құрметтеуге тәрбиелеу. Патриоттық сезімдерін арттыру.
**Ойын:** «Қояндар секіреді».
**Мақсаты:** Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.
**Қимылдық ойын:** «Қаздар мен бақташы».
**Ойын барысы:** Ойыншылардың ішінен қасқыр мен бақташы таңдап алады.Басқа балалар болады.Ортадан бір сызық созылады.Ол-қаздардың үйі болады.Бақташы қаздарды жайып шығады.Олар далада жайылып жүреді.

Бақташы: Қаздар, қаздар!?
Қаздар: га,га,га
Бақташы:тамақ жейсіңдер ме?
Қаздар: иә, иә, иә.
Бақташы: Ендеше ұшыңдар.
Қаздар:жоқ , аш қасқыр бар
Жібермейді ол жолда
Бақташы: тез ұшыңдар қалайда !

Осы кезде қаздар қанаттарын қағып ұшып бақташыға қарай жүгіреді.
Қасқыр ұстағандарын жинап қояды. Екі рет оянғандарында ауысып басқа балаларға кезек береді.
Еркін ойындар.
**Тренинг:** «Қаздар болып ұшайық».

## №14

**Бақылау:** Өткінші жаңбырды бақылау.
**Мақсаты:** Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс –жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру.
**Еңбек**: Ағаш түптерін қопсыту.
**Мақсаты:** Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.
**Жеке жұмыс:** «Еңбекпен ел көгерер,
Жаңбырмен жер көгерер».
**Мақсаты:** Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.
**Қимылдық ойын**: «Допты қуып жет».
Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу.
**Қимылдық ойын: «Кім тезірек?»**
**Мақсаты:** Секіргішпен секіруге үйрету, секіру қабілетін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.
**Ойын барысы:** Балалар қолдарындағы секіргішпен алаңның бір жағына, бір-біріне бөгет жасамай сапқа тұрады.Олардан 15-20 қадам қашықтықта сызық сызылады немесе жалаушалар байланған жіп тартылады.
Балалар келісілген сигнал бойынша бір мезгілде сызыққа бағыттала секіреді.Тәрбиеші сызықтың үстіне түскен баланы белгілеп алады.
**Тренинг:** « Қолшатыр».





## №15

**Бақылау:** Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау.

**Мақсаты:** Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру.

**Еңбек**: Біздің ойын алаңы

**Мақсаты:** Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу.

**Жеке жұмыс** : Жел тынымсыз гуілдеп,
Болып кетті тым бұзық
Шуылдайды тал терек,
Жапырағын жұлғызып.

**Мақсаты:** Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету..

**Қимылдық ойын:** «Айгөлек-ау, айгөлек».

**Мақсаты:** Қимыл-қозғалысын дамыта отырып, шапшаңдыққа, ептілікке баулу.

**Қимылдық ойын:** **«Фигура жасап шық»**

**Ойын барысы**: Ойнаушылардың арасынан бастаушы таңдалынып алынады.Ол шеткірек тұрады. Балалардың қалғандары жүгіреді , бір аяғымен екінші аяғын шалыс баса ( ирек жүріспен) алаң бойы секіреді. Тәрбиешінің сигналынан, дабыл қағу немесе «тоқта» деген сөзден кейін барлығын орындарына барып қозғалмай тұрады.Басқарушы барлық «фигураларды» айналып шығып , ең ұнайтынын таңдап алады. Енді басқарушы бала беруші болып саналады да, ал алдыңғы басқарушы қалған балаларға қосылады да , ойын қайталанады.

**Балалардың өз бетімен ойын ұйымдастыру:**

•Куаласпақ.

•Тығылыспақ.

**Тренинг:** **«Киіз үй».**





## №16

**Бақылау:** Кемпірқосақты бақылау .

**Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін түсіндіре отырып , жаңбырдан кейін аспанда әшкейленген кемпірқосақ шығатыны туралы түсінік беру. Түстерін ажыратып айту.

**Еңбек**: Біздің аула

**Мақсаты:** Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау .Балаларды еңбексүйгіштікке баулу.

**Жеке жұмыс**: Жұмбақ:

Алдым да әр түрінен жібек жіптің ,
Аспанға әшекейлеп
Кесте тіктім.
(Кемпірқосақ)

**Мақсаты**: Түстерді ажырата білу. Балалардың ой –өрісін дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру.

**Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық».**

**Мақсаты:** Балаларды ептілікке , шапшаңдыққа үйрету.

**Қимылдық ойын:** . «Қимақ».

**Ойын барысы:** Бұл ойынды жіп керіп , сол керілген жіпке әр түрлі ұзындықта кішкентай ойыншықтар байлап қояды.Ойын көңілді болу үшін ойыншының көзін байлап қояды.Ойын бастаушы оның қолына қайшы ұстатып, «осы ойыншықтан барда қалағаныңды қиып ал»,-дейді.Ойыншы қиып алған ойыншығын алады.Егер бірінші рет қия алмаса , екінші рет әрекеттенуге болмайды.

**Дербес ойындар:**

**1.Әткеншек тебу.**

**2.Ирек жолмен жүру.**

# №17

**Бақылау:** Ауа-райын бақылау.

**Мақсаты:** Күннің қанша градусқа төмендегенін бақылау. Күзгі табиғат құбылыстарын түсіндіру.

**Еңбек**: Гүл тұқымдарын жинау.

**Мақсаты:** Гүлдің тұқымнан өсетінін түсіндіру, көктемде тұқымды гүлзарларға себетіндігіміз, тұқымнан гүл өсетіндігін түсіндіру.

**Жеке жұмыс:** Сипап өткен самалға,
Тербеледі сары алма.
Көз салып едім бақшаға,
Қауын біткен сары ала.



**Дидактикалық ойын: «Жемістер мен көкөністер».**

**Мақсаты:** Жемістер мен көкөністерді ажырату.Олардың адам ағзасына тигізер пайдасын түсіндіру.

**Қимылдық ойын: «Тышқан мен мысық»**

**Мақсаты:** Балаларды тату ойнауға үйрету .Тез жүгіруге , ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

**Қимылдық ойын:** . «Доппен ұрып алу».

**Ойын барысы:**Балалар дөңгеленіп тұрады.Тәрбиеші жүргізушіні таңдап алады да , допты береді. «Бір, екі , үш» дегенде балалар жан-жаққа қашады.

Жүргізуші доппен ұрады.Кімге тисе сол ойыннан шығады:Ойын осылай жалғасады.

**Еркін ойын:**

- «Қуыршақты киіндіреміз».
- «Отбасы»

**Тренинг: «Біз көңілді балалар».**



## №18

**Бақылау:** Көгершінді бақылау.

**Мақсаты:** Балаларға көгершінің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні , тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп , оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

**Еңбек**:Ауладағы құстарға жем беру.

**Мақсаты:** . Табиғатты аялай білуге , құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.

**Жеке жұмыс:** Жылы жаққа ұшпайтын
Біздің жақта қыстайтын
Құстар жүрсе жуықта,
Жем шашуды ұмытпа!

**Мақсаты:** Балаларға тақпақ жаттата отырып , есте сақтау қабілеттерін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезінуге мүмкіндік туғызу.

**Ойын: «Шымшық доп».**

**Мақсаты:** Допты қатты тебуге, оны ұстап алуға үйрету.Ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.

**Қимылды ойын: «Ұстаушы, лентаны ал».**

**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа , тапқырлыққа , жылдам шешім қабылдауға үйрету.

**Ойын барысы:** Ойнаушылар шеңбер жасап тұрады, ұстаушыны таңдап алады.Ұстаушыдан басқасы түсті матаның немесе лентаның қиындысын алады да, оны мойынынан айқара айналдыра байлайды.

Ұстаушы шеңбердің ортасында тұрады.Тәрбиешінің «Жүгір» деген сигналы бойынша балалар бет-бетімен алаңға кетеді.Ұстаушы ойнаушылардың соңынан жүгіріп, біреуінің лентасын суырып алуға тырысады.Лентасынан айрылғандар уақытша бір жаққа шығып тұрады.Тәрбиешінің: «Бір, екі, үш, тездете шеңберге жүгір!» деген сигналы бойынша балалар шеңбер құрып тұрады. Ұстаушышы алынған лентпалардың санын есептеп, оны балаларға қайтып береді.Ойывн жаңадан ұстаушы тағайындаудан басталып , қайталанады.

**Тренинг: « Құс болып ұшайық»**

## №19

**Бақылау:** Күзгі көріністі бақылау.

**Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру.

**Еңбек: Ойын алаңы.**

**Мақсаты:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз алаңдарын таза ұстауға үйрету.

**Жеке жұмыс**: «Күз» өлеңі.

**Мақсаты:** Күз мезгілінің ерекшелігін айтып, тақпақ жаттатқызып, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілетін дамыту.

Көрінеді шалғайдан,
Бел-белестер сарғайған.
Сары жапырақтар төгілген,
Тоғайды да көрдім мен.

**Қимылдық ойын: «Қашпа, доп».**

**Мақсаты:** Ойын шартын сақтай отырып, топ болып ойнауға, қимыл-қозғалысын дамытуға , ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.

**Қимылдық ойын:** «Жүгіріп өтуге үлгер».

**Мақсаты:** Ептілікке, шапшаңдыққа , батылдыққа тәрбиелеу, тез секіруге үйрету.

Ойын барысы: Тәрбиеші балалардың біреуімен жіптің екі ұшын (ұзындығы 3-4м.) ұстап, оны жүгіріп келе жатқан балалардың бағытына қарай жайлап айналдырады.Балалар бірінен соң бірі, жіп жоғары көтерілген кезде жіптің астынан жүгіріп өтуге үлгеруі қажет.

Тәрбиеші балалар қимылын реттеп отырады.Ол әрбір жүргізушіге: «Жүгір!» деген сигнал береді.Әрі қарай жіптің өтуге тырысулары қажет.

**Дербес ойындар:**

- Қуаласпақ
- Қояндар секіреді.

**Тренинг:** «Қолшатыр».

# №20

**Бақылау:** Күз мезгіліндегі адамдардың киім киісін бақылау.
**Мақсаты:** Адамдардың неліктен күз мезгілінде жылырақ киінетіндігін балаларға айтып түсіндіру.
**Еңбек: Біздің ауламыз.**
**Мақсаты:** Ауладағы түскен жапырақтарды жинауға балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу.
**Жеке жұмыс**: «Күзгі киім».
**Мақсаты**: Күзгі киім атауларын үш тілде үйрету.
**Қимылдық ойын: «** Күн мен түн».
**Мақсаты:** Балаларды әр түрлі қимыл-қозғалсын дамыту, шапшандыққа, ептілікке , ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
**Қимылдық ойын**: « Ортасына дейін кім бұрын жетеді?».
Мақсаты: Балалардың қимыл- қозғалысын дамыту, шапшандыққа , ептілікке , ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
Ойын барысы: Екі қысқа жұмыр таяқ алынады. Ұзындығы 8 м жіпті екі шынан байлайды.Оның қақ ортасына лентемен байлап белгілейді. Балалар таяқтарды алады да, бір-бірінен алшақтап, екі жаққа қарай жіпті таяққа орап, екі қолдарымен таяқты айналдыра бастайды да , алға қарай жылжиды. Жіпті лентаға дейін кім бұрын ораса , сол жеңген болып есептеледі.
**Тренинг:** «Бір шаңырақ астында».



# Қыс мезгілінің картотекасы





## 1: Ауа-райын бақылау.

Бақылау

Жансыз табиғатта балаларға қыс жөніндегі өзгеріс туралы түсінігін қалыптастыру.

*Желтоқсанда* ең қысқа күн, күннің көзі сирек қонақ, ауа-райы бұлыңғыр, жиі қар жауады, бірақ ол ерімейді. Бірақ қар терең емес, одан түскен жапырақтар және құрғақ өсімдіктер көрінеді. Ауаның температурасы нөлден төмен.

*Қаңтарда* күн көбейеді,айқын жарқырайды, бірақ күннің көзі жылытпайды, ең күшті аяздар тұрады, барлығы қармен жабылған, ағаштарға қырау тұрады.

*Ақпанда* күшті жел соғады, боран болады: ақпан айының соңында күннің қосылғаны байқалады, ең алғашқы мұздар пайда болады, күннің көзі жан-жағына шуағын шашады.

Қыс табиғатының әсемдігіне, сүйіспеншілікке тәрбиелеуге талаптандыру.

**Жаңылтпаш**

Қыс қыспаса қыс па,
Құс ұшпаса құс па?

**Ырым**

Қыс жылы болса-жаз салқын

**Өлеңдер**

«Қыс» А.Құнанбаев.



**Қимылды ойын.**

**«Кегліні құлат»**

Кегліні құлата отырып, клюшка көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту. Белсенділікке тәрбиелеу.

*Еңбек қызметі*

**Қардан демалыс орнын тазарту.**

Өзінің іс-әрекетін жолдастарының іс-әрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету.Еңбек ету ынтасына тәрбиелеу.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер және эксперименттер.*

**«Ауа-райы»сөзіне анықтаманы іріктe»**

*(Қарлы, аязды, суық,күн шуақты, желді және т.б.)*

Тапсырма. Балаларға қар бетінде жүріп өтуді және аяқ астында қалай сықырлайтынын тыңдауды ұсыну.

*Өз бетінше іс-әрекеті*

Әр балаға оны қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіншілік беру

## 2. Қар басуын бақылау

*Бақылау*

Балаларға қар басуы жөнінде түсініктеме беру. Қар басуы кезінде бұлттардың пайда болатынын түсіндіру, айнала қараңғыланады және қар түсе бастайды; аспаннан жапалақтанған тасқыны ұшқандай сезіледі (ұлпа, ақ, жеңіл).Жан-жағымыз қозғалысқа толған және тыныштық .Қар, жүн көрпесі секілді, жерді қымтайды. Қар кесектелген немесе жеке қиыршақталған секілді жауып тұр ма, соны ажырата білуге үйрету. Сөйлей білуді, ойлауды, елестетуді дамыту.Жансыз табиғаттың құбылысына қызығушылығын тәрбиелеу.Ауа-райы әсемдігіне эстетикалық қарым-қатынасты тудыру.

**Жұмбақ.**

Ұстай қалсаң еріп кетер,
Әуре болма теріп бекер.

(қар)



**Болжау**

Қар түссе-күн жылынады

**Жаңылтпаш**

Қыста боран борар, қар борар,
Қыздар шәлі орамал оранар.



**Өлең.**

«Алғашқы қар» А Оразақын.

*Қозғалыстағы ойын*

**«Қармен аулау білу»**

Балаларды қардан айналудан,(ортада) шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету.Нысанаға қарды ата білуге бейімдеу. Ойын ережесін айқын орындауға үйрету.

*Еңбек қызметі*

Қардан қарлы дуал жасау

Өз бетінше шана, жәшіктер, ағаш күректер дайындау.Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу.Қиыншылықтарды жеңе білу.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер және эксперименттер.*

**« Қар қиыршықтарын қарастыр»**

*Тәжірибе.* балалар қар қиыршықтарын қарастыруда.

*Қорытынды.* Барлық әр түрлі қар қиыршықтарында сәуле саны бірдей.

*Қармен тәжірибе.* Стаканға қар салып топқа алып келу.

Балалардың қардың қасиеті жөніндегі ойларын ұлғайту және дамыту.Өз бетінше қорытынды жасауға үйрету. Әуесқойлығын және қызығушылығын дамыту.

## 3.Желді бақылау.

*Бақылау*

**Балаларға қыста желдің суық өткір екенін түсіндіру.**

Флюгер түтіннің бағыты ағаш бұтағының қозғалысы бойынша желдің күштілігін анықтауға болатынын үйрету.

Қысқы желдің жазғы желден ерекше белгілерін ажырата білуге үйрету.

**Жұмбақ**

Бір нәрсе көрінбейді бар ғой өзі,
Адамзат ол нәрсені көрмес көзі.
Жансызды қимылдатып жанды қылар,
Ызылдап, ызың қағар айтқан сөзі.

(жел)



**Өлең.**

«Желдің түсі қандай»?» М.Алимбаев.

*Қозғалыстағы ойын*

**«Екі аяз»**

Икемділігін дамыту, қозғалыстағы ойынға қызығушылығын арттыру және оны ойнай білуге үйрету. Өз бетінше рөлдерді бөлу талабына тәрбиелеу.

*Еңбек қызметі*

**Қардан жолды тазарту**

Балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды тазартуға және сыпыруға үйрету; Еңбек құралдарымен қолдана білуін нығайту, оларды тазалықта және тәртіпте ұстау.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер және эксперименттер.*

*Тәжірибе*. Желдің күштілігін анықтау.

Әр түрлі белгілері бойынша (жел бар ма, күшті, әлсіз) желдің күштілігін анықтауға балаларды жаттықтыру, қай бағытта екенін анықтау.

*Тапсырма*. Желдің қалай ысқыратынын тыңдау.

Қадағалауын дамыту.

**«Жақсы-нашар»**

Табиғаттағы қарама-қайшылығын, құбылыстың біркелкі еместігін, жанды және жансыз өзара байланысын, тілді дамытуды, ойлауды, көре білуге үйрету (желдің ықпалымен өтіп жатқан өзгерістерді, жағдайларды атау ұсынылады,- жағымды және жағымсыз) .



### *4.Аспанды бақылау.*

*Бақылау*

Балалардың көк аспан жөніндегі ой-пікірлерін байыту (таза, тұтастай бұлттармен жамылған). Аспан қыс басында тұтастай бұлттармен жамылғанын атап өту. Қыс аяғында айқын-көк, өте әдемі болады.

Балалардың жансыз табиғат жөніндегі пікірлерін ұлғайту.

**Жұмбақ.**

Дүниеде бір қарбыз бар солмайтұғын,
Жаз шіріп, қыста үсіп тоңбайтұғын.
Жаһанның жерін, суын, жәндіктерін,
Іші кең бәрін салса толмайтұғын.
(аспан)



*Қозғалыстағы ойын*

**«Ұйымдастырушылар»**

Бір-бірінің қолдарын алып, шеңбер бойынша қозғала білуге үйрету; спорттың көрсетудегі қозғалыс түрі бойынша шеше білу және оны атау. Ойынға қатысуға ынтасын тәрбиелеу.

*Еңбек қызметі*

**Бақшаның қатарларын қармен толтыру.**

Жүйекте өсетін өсімдікке құрметпен қарауға және нақты қызығушылыққа тәрбиелеу, еңбек мәнділігін түсіндіру (тұқымның үсіп кетпеуін, көктемде өсім болмайтынын).Еңбек ету талабына тәрбиелеу.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер және эксперименттер*

**«Жұмбақты шешу»**

Қыста жансыз табиғат жөніндегі білімін балаларға нығайту,ойлауды, шығармашылық белесті дамыту.

*Өз бетінше іс-әрекеті*

Табиғат жағдайын есепке ала, дәлізде сабақ және ойын үшін жағдай құру. Жағымды тәртіпті қалыптастыру.





**5.Күннің көзін бақылау.**

*Бақылау*

Қысқы мерзімде күннің көзін бақылауды жалғастыру.

Қыс басында күннің көзі сирек қонақ екенін атап өткен жөн (бұлыңғыр, бұлтпен жабылған, жоғары көтерілмейді, жылытпайды). Қыстың ортасында күннің көзі айқын, жоғары көтеріледі, бірақ жылытпайды. Қыстың аяғында күннің нұры жылулық шашады, күннің көзі жоғары,күн ұзарады. Қадағалауды, әуесқойлықты, көңіл бөлуді дамыту; жансыз табиғат құбылысы жөніндегі білімін нығайту. Таңертең,күндіз және кеш бейімделуі бойынша күннің көзі жолдарын ажырата білу. Күннің жоғары тұрғанына көңіл бөлу керек.

**Жұмбақ.**

Ақ сандығым ашылды
Ішінен жібек шашылды.

(күннің көзі)

**«Хоккеистер»**

Қозғалысты ойынды өз бетінше ұйымдастыруға бейімдеу, топқа бөліну, ойын тәртібін сақтау. Балалардың бір-бірімен араласа білуін жетілдіру.

*Еңбек қызметі*

**Қар тоқтатуға дайындық. Жөндеу**

Тәрбиешімен балалардың бірігіп еңбектенуіне тәрбиелеу. Еңбек мазмұнын ұлғайту, әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер және эксперименттер*

**«Күннің тұрған жағдайы және биіктігі анықталды»**

Нақты өлшем көмегі кезінде балаларды күннің тұрған жағдайын өлшеуге үйрету.

*Өз бетінше іс-әрекеті*

Тұрақты балалар бірлестігін нығайтуға талаптандыру.

Дербестілігін және бастамашылығын көтермелеу.





**6. Терең қар жамылғысының тереңдігін бақылау.**

Бақылау.

Балалардың көңілін бөлімшенің қай жерлерінде қалың қар жатқанына бөлу.Балаларға қаншалықты терең екенін білуін ұсыну.Ұзындығының шартты өлшемімен адамдар метрді орнатқанын түсіндіру.Балаларға метрді көрсету және әр жерде қар жамылғысының тереңдігін өлшеу; қалың қарды күрекпен кесу, қардың қалыңдығымен бөлігіне көңіл бөлу.

**Жұмбақ.**

Бір нәрсе өліп жатыр, жетіп ажал,
Малының қисабы жоқ безбенге сал.
Сүйегі көктеде емес жерде де емес
Жігіттер көңіл қойып ойлаңыздар.
(жауған қар).

*Қозғалыстағы ойын*

**«Аяз-Қызыл мұрын»**

Алаңның қарама-қарсы жағына жүгіруді нығайту, ойын тәртібін сақтау (қолың тиген жерде- қатырып тастаған жерде тоқтайды).Ойында достықты және өзара көмекті көрсету.

*Еңбек қызметі*

**Гүлзарда қар тоқтатуды орнату**

Қар тоқтату жөніндегі пікірді ұлғайту(қарды тоқтатады, жел соққанда), оларды орнатуда тәрбиешіге көмектесу. Тапсырманы орнатуға үйрету, бірлесіп атқаруда кішігірім тәсілдерді қалыптастыру.

*Дидактикалық ойындар. Тәжірибелер және эксперименттер*

Ашық орынға қарағанда, неліктен шарбақтар мен қуыстарда қар қалың болатынын балаларға ойлануды ұсыну.

Қорытынды. Бұл орындарда желмен ұшып кетпей, тұрып қалады.

*Өз бетінше іс-әрекеті*

Қазіргі ойындарда өз құрдастарымен 2-3 рөлді ұстайтын, ойында бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын әрекетін орындау, жалпы ойын барысына сәйкес әрекет ету.





## 7. Тайғанақты бақылау.

*Бақылау.*

Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Тез жылынғанда аяз соғады, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналады. Ауа температурасы мен судың агрегаттық жағдайы арасындағы байланысты түсіндіру. Тайғанақ- бұл мұздың қалың беті, жер қабатында құрылатын. Тайғанақпен қалай күресуді айту. Тайғанақ кезінде өзін дұрыс ұстай білуді үйрету. Көргені жөнінде айту және бақылауда ынтасын дамыту.

*Қозғалыстағы ойын*

**«Ұзын жол бойынша»**

Мұз жолы бойынша тайғанақтау кезінде тепе-теңдікті сақтауды үйрету. Жарыстарға қатысуға тәрбиелеу.

*Еңбек қызметі*

**Жолға құмды төгу**

Жолға құмды төгуде еңбектің мәнділігін балаларға түсіндіру. Өз еңбегінің нәтижесінен қанағаттанушылық сезімін қалыптастыру.

***Дидактикалық ойындар.*** **Тәжірибе мен эксперименттер**

*«Өлі табиғаттың қысқы құбылыстарын ата»*

Табиғаттың қысқы құбылыстары туралы балалар білімдерін анықтау.

***Тапсырма.*** Түрлі-түсті мұздықшаларды қарау.

Мұз сипаты туралы балалардың түсініктерін бекіту (аязда су мұзға айналады, мұз қатты, тайғақ,мөлдір, нәзік).

***Өздігінен қызмет.***

Ойын кезінде балалардың бір-бірімен қарым-қатынасын жетілдіру, құрбыларының қылықтарына өз көзқарастарын білдіру, өз іс-қимылдарымен амалдарын негіздеу.





## 8.Ағаштардағы қырауларды бақылау.

**Бақылау.**

Қыраудың пайда болу процесі туралы түсінік беру. Қар еріген кезде, күрт суық түскен және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқаны туралы балалардың назарын аудару, ағаштарға, орындықтарға және басқа заттарға. Қырау – бұл мығым шық. Түнде жердің үстіндегі ауасы салқындайды. Ауадағы сулы булар салқындаған заттармен өзара жанасып сулы тамшыларға айналып мұзды кесек болып қатады және қырау болады. Табиғаттың әртүрлі қысқы құбылыстарын көру, қысқы қардың сұлулығына тандануға балаларды үйрету.

**Ырымдар.**

Желтоқсанда қырау мол болады, қар көп түседі, суықтар күшейеді - мол егін орылады. Ағаштарға қырау тұрса аспан көк болады.Түнде қырау болса-күндіз қар жаумайды.

**Қозғалыс ойындары.**

**«Бірінші бол»**

Белгі бойынша іс-әрекет жасай білуін бекіту (шананы айналу және өз орнына тұру) және қосымша жаттығуларды орындау (шанаға отыру, 5 рет отырып-тұру және т.б) жылдам және еппен іс-әрекет жасау.

**Еңбек қызметі**

Жолға су төгу үшін қарды нығыздату.

Қарды өздігінен күрекпен белгілі орынға алып бару, оны нығыздауға үйрету; ұжымдық еңбекке қатынасуға үйрету, өз әрекеттері мен құрбылар әрекеттерімен келістіруге үйрету.

**Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен эксперименттер**

Тапсырма. Күн шыққан кезде ағаштардың қырау жамылғанын көру. Күннің көзінде қырау жылтырайды.

«Қырау» сөзіне эпитет таңда.

Эпитеттерді таңдауға үйрену, балалар сөздігін байыту.

**Өздігінен қызмет.**

Балалар ойындарының тақырыбы мен мазмұнын жетілдіру және байыту; өз пікірін айтуын жетілдіру, өз құрбылары пікірлерімен келіспеу, олардың рөлдер, ойыншықтар мен міндеттерін бөлісуге сыпайы түрде айтуын жетілдіру.




**9. Шынидағы қарды өрнектерін бақылау, қадағалау.**

**Бақылау**

Шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру.

Жылы сулы булар салқын терезелер шыныларына отырып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету.

**Жұмбақ.**

Өнері жоқ, қолы жоқ,
Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау).

**Ырым.**

Егер терезелердің екі әйнегі де буланса аяз күшейе түседі.

**Қозғалыс ойындары.**

«Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халық ойыны) «Қасқұлақтан» тығылып аланда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойында өз әрекеті мен әріптес әрекетімен келістіре білуін дамыту.

**Еңбек қызметі.**

Жолға су құю.

Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құюды үйрету. Еңбек етуді тәрбиелеу.

**Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен эксперименттер.**

**«Шыныдағы қысқы ертегі»**

Балалардың шағын ертегіні құрастыруда талаптануын мадақтау, көргендерін айта білу (керемет жапырақтар, ғажайып гүлдер, өрнектер). Алдын –ала болатын қызметке қызығушылығын арттыру.

**Өздігінен қызмет.**

Ойында өз әрекетімен әріптес әрекетімен келістіре білуін дамыту.





## 10. Бұрқасынды бақылау.

*Бақылау.*

Бұрқасын туралы түсінікті қалыптастыру. Қатты жел, бұрқасын болған кезде аязды ауа соғады да, жүру қиындайды, бұлт күнді жауып әрбір жерде қарлы бұрқасын соғады.

Егер қар құйындатса – бұл табиғат құбылысы бұрқасын болып аталады.

**Мақал.**

Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды.

**Ырым.**

Қыста бұрқасын болса-жазда жауын-шашын болады.

**Қозғалыс ойыны.**

**«Қарлы әткеншек»**

Берілген қарқында қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқа жаққа және т.б.). Ойында жинақылық пен дербестілікті тәрбиелеу.

**Еңбек қызметі.**

Балаларды бала-бақша ауласындағы телімдерде жолдарды сыпыруға және тазалауға үйрету. Телімдегі тәртіп пен тазалықтан разылық сезімін қалыптастыру.

**Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен эксперименттер.**

**Тәжірибе.** Шарбақ. Пен күркелердің маңында омбылар болатынын анықтау.

**Қорытынды.**Шарбақ пен күркеге жел соққан.

«Бұрқасын кезіндегі өзгешіліктерді ата».

Өз ойларын айта білу, сөзін, ақылын дамыту, білімін бекіту.

**Өздігінен қызмет.**

Бала қоғамы өмірінің ұйымдастыру формасы ретінде ойынды дамытуына, бірқалыпты балалық ойын бірлестігінің пайда болуына және нығайтуына, балалардың өзара қарым-қатынастарын қалыптастыруына, сондай-ақ ойындық бірлестігінің болуына себеп болу.









## 11. Бұрқасынды бақылау.

**Бақылау.**

Қысқы табиғат құбылысы-бұрқасынмен балаларды таныстыру. Қатты жел соғып жер үстіндегі қарды айналдырса және шалғайды жаба түссе-бұны бұрқасын деп айтады және балаларға түсіндіру. Егер бұл уақытта қар жауса және омбылар пайда бола бастаса жолға шығуға болмайды. Адасып және үсіп кету мүмкін. Бірақ бұрқасын таза күндерінде де қар жаумай да бола береді.

**Жұмбақ.**

Қуып едім мойнын бұрмады,
Ұстайын деп ем қолға тұрмады.
(боран).

**Ырым.**

Соғып тұрған бұрқасын емес, аспаннан жауып тұрғанды қар дейді. Егер күннің жанында тұман болса-бұрқасын болады.

**«Бұрқасын»**

Тізбекте тұру, қарлы құрылғылар арасында жүре білу, тізбекті бұзбай жүру, білімдерін бекіту, әріптестеріменіс-қимылдарын келісе білуіне үйрету.

**Еңбек қызметі.**

Еңбек мазмұнын кеңейту, жануарларды әр сайын күтуін қамтамасыз ету.Адал еңбек етуге тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу.

**Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен эксперименттер.**

**«Бұрқасын қандай?»**

«Бұрқасын» сөзіне анықтама беруге балаларды үйрету.

**Өздігінен қызмет.**

Балалардың өзіндік ұжымын дамыту негізінде қарым-қатынастың жақсы формаларымен топтамаларын пайдалану. Белсенді балалар өз құрбыларының ынталарын баспауын қадағалау, жасқаншақтарға ұялшақ балалардың ойнауына көмектесеміз.

## 12 Әр түрлі күн райына қарай қардың өзгеруін байқау.

**Байқау.**

Жылымық кезінде қар жабысқақ болады, кардан ойыншық аққала істеуге болатынына балалардың көңілін аудару керек, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе істеуге болмайды,

Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың қасиеті өзгеретінін байқап отыру, қардың өзгеру себептерін терендете түсіндіру.

**Болжау.**

Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын.

**Мақал-мәтел.**

Қыс қандай болса, жаз да осындай.

**Ойындар.**

**«Кім озды?»**

Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді) Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету, дағдыландыру.

**Еңбекке баулу.**

Ауа райына байланысты қардың өзгеруіне көңіл бөлуді жалғастыру.

**Дидактикалық ойындар. Тәжірибе жұмыстары.** (қар қандай екенін айт).

Қар туралы балалардың білімін қадағалап, сөздік қорын кеңейту. Қар қалың, түкті, күн көзіне жарқырайды, жабысқақ, құрғақ.

**Тәжірибе. Қардың қасиеттері.**

•Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады.

•Қарды сумен суарсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, Қортынды. Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық.








## 13. Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай?

**Бақылау.**

Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аудару.

Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүюге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету.

**Мақал-мәтел.**

Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады.

**«Ақ аю» (ойын)**

Әртүрлі бағытта балаларды жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету.

**Еңбектену бағытында.**

Бұтақтарды қардан сілкіп тазарту.Қай ағаш жасырынды, соны тап. Балаларға ағаштардың әртүрлі екендігін ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту.




## 14. Ағаш пен бұталарды бақылау

***Бақылау.*** Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы түріне аудару (жапырақ жоқ), жапырақсыз ағаш бұталарының аспан түстес екендігіне назар аударту.

Ағаштың сыртқы түрлерін ажырата білуге жаттықтыру (ағаштың пішіні, бұтаның орналасуы, тамырдың түрі мен сыртқы пішіні) ағаштың: терек, қайың, шырша, гүлшетен, алма ағашы; бұталар: долана,жұпаргүл, сарықараған, шие. Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының жұмсақ және тез сынғыш болатынын түсіндіру.

Балаларды ағашқа сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.

***Көркем сөз.*** *«Қарағай»*

*Тау баурайы -жағалай*
*Биік-биік қарағай.*
*Оқтай түзу бойлары,*
*Шымыр өскен баладай.*

**Жұмбақ**

Жазда жатсаң-көлеңкесіне алады,
Қыста жақсаң -жаның рақат табады. (ағаш)

***Болжамдар***: Егер жаңғақ шыршаның астыңғы жағында өссе- ерте суық түседі деген белгі, егер жоғары өссе-қыстың соңы суық болады

Ағаштан алма толық түспейінше- қыс болмайды.

**Тақпақ**

«Қыс келбеті» М.Әлімбаев
Аққу мамық ұлпа қар,
Жамылады қырқалар.
Шымшып аяз бетіңді,
Ширатады етіңді.

**Қимылды ойындар.**

***«Шаңғы жарысы»*** Дыбысқа деген іс-әрекетті бекіту (шанада отырып, аяқпен итеру; ішінен жатып, қолмен итеру).Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатысуға ынталандыру.

***Еңбек әрекеті***

**Ағаш және бұта түптеріне қарды үю.** Ағаш және бұта түптеріне қарды үю және еңбектің маңыздылығын білуге үйрету.Жақсы ынтамен еңбектенуге тәрбиелеу.

*Дидактикалық ойындар.* *Эксперимент және тәжірибе.*

**«Ағаш па әлде бұта ма?»**

Балаларға суреттеу арқылы ағаш па әлде бұта ма екенін тапқызу.
Тапсырма. Аязды күндері ағаштың жарылуын тыңдау.

**15.Құстарды бақылау (сарышымшық, бозторғай, сауысқан, торғай, көгершін)**

***Бақылау***

Балаларға қыстайтын құстар туралы түсінікті нақтылау және бекіту. Құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу( көлемі және түстеріне байланысты). Әр түрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктерін ескере білуге үйрету(сауысқанның қадамы үлкен; торғай екі аяғымен секіреді; көгершінде жиі, ұсақ қадамдар т.б.).Құстар ұшып жүргенде немесе отырғанда жақсы көрінеді, егер олар ағаштың бұталарында отырса ажырату қиынға соғады.Құстарды жақсы көріп, оларға көмек бере білуге тәрбиелеу. Құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Оларды қосымша тамақтандырып тұру керектігін түсіндіру. Ұяда құстар өздерін қалай ұстайтындарын бақылау.

***Көркем сөздер*** *«Қарлығаш»*

*Ауламызда бау бүрлеп,*
*Шешек атып жайнайды.*
*Ақ тамағы бүлкілдеп,*
*Қарлығаштар сайрайды.*

**Жұмбақтар**

Екі айыр құйрығы,
Қияқ мұрт қанаты,
Ұшқырлардың жүйрігі. (қарлығаш)
Қалқып тұрып аспанда,
Үн шығарып сан қилы,
Өнеріне басқанда,
Тұла бойың балқиды. (Бозторғай)

**Неге олай аталады?**

**Сарышымшық-**қар түскенде сарышымшық ұшып келеді.
**Көгершін-** «көк» сөзінен шыққан.

Ырымдар:

Сарышымшық үйге ұшып келсе-жақын арада қыстың түсетіні.
Бозторғай қыстаән салса-онда қар еріп, жер батпақ болады.
Егер торғай шөпке тығылса- аяз немесе боран. *Қозғалыс ойындары*

**«Үкі»** Ойын барысында өз іс әрекеттерін қарсыластарымен келісе білу қабілеттерін дамыту.Белсенділікке, өз бетінше жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.

*Еңбек әркеті*

**Құстарды тамақтандыру**

Қыста құстарға далада тамақ беруге баулу.Берілген тапсырмаға жауапты болу: өз еңбегіне қанағаттана білу.

**15.Құстарды бақылау (сарышымшық, бозторғай, сауысқан, торғай, көгершін)**

***Бақылау***

Балаларға қыстайтын құстар туралы түсінікті нақтылау және бекіту. Құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу( көлемі және түстеріне байланысты). Әр түрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктерін ескере білуге үйрету(сауысқанның қадамы үлкен; торғай екі аяғымен секіреді; көгершінде жиі, ұсақ қадамдар т.б.).Құстар ұшып жүргенде немесе отырғанда жақсы көрінеді, егер олар ағаштың бұталарында отырса ажырату қиынға соғады.Құстарды жақсы көріп, оларға көмек бере білуге тәрбиелеу. Құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Оларды қосымша тамақтандырып тұру керектігін түсіндіру. Ұяда құстар өздерін қалай ұстайтындарын бақылау.

***Көркем сөздер*** *«Қарлығаш»*

*Ауламызда бау бүрлеп,*
*Шешек атып жайнайды.*
*Ақ тамағы бүлкілдеп,*
*Қарлығаштар сайрайды.*

**Жұмбақтар**

Екі айыр құйрығы,
Қияқ мұрт қанаты,
Ұшқырлардың жүйрігі. (қарлығаш)
Қалқып тұрып аспанда,
Үн шығарып сан қилы,
Өнеріне басқанда,
Тұла бойың балқиды. (Бозторғай)

**Неге олай аталады?**

**Сарышымшық-**қар түскенде сарышымшық ұшып келеді.
**Көгершін-** «көк» сөзінен шыққан.

Ырымдар**:**

Сарышымшық үйге ұшып келсе-жақын арада қыстың түсетіні.
Бозторғай қыста ән салса-онда қар еріп, жер батпақ болады.
Егер торғай шөпке тығылса- аяз немесе боран. *Қозғалыс ойындары*

**«Үкі»** Ойын барысында өз іс әрекеттерін қарсыластарымен келісе білу қабілеттерін дамыту.Белсенділікке, өз бетінше жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.

*Еңбек әркеті*

**Құстарды тамақтандыру**

Қыста құстарға далада тамақ беруге баулу.Берілген тапсырмаға жауапты болу: өз еңбегіне қанағаттана білу.

**16.Қардағы іздерді бақылай білу**

***Бақылау***

Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу: құстардың ізі крест сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың сөйлеу тілдерін дамыту.

***Көркем сөз***

*Ойын ойнап ,міне біз,*
*Қыс қызығын көреміз.*
*Шанаға да мінеміз,*
*Шаңғыны да тебеміз.*





**Жұмбақ**

Мен кетемін, ол қалар. (із)

***Тақпақтар*** « Алғашқы қар» Т.Мұратұлы.

Көктемгі шие гүлі ме,
Сала ма еске мақтаны.
Қар жауып тұрды түнімен,
Күн шыға барып тоқтады.

Қарғалар көкте жай ұшып,
Бірінен –бірі озбайды.
Ағаштар үнсіз майысып,
Сынып бір кете жаздайды.

**«Қар»**, Т.Шопашов

Жауды,міне,қар аппақ,
Қазақ жері-бағымыз.
Қойнауынан мөп-мөлдір,
Сусындайды жанымыз.

Қазақ жері-сәніміз,
Мәуесі мол бағымыз.
Саясында жетілер,
Балдай бала шағымыз.



**Қозғалыс ойындары**

**«Нысана»** Оң және сол қолмен желдетіп, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу.Қызығушылықтарын арттыру.

*Еңбек қызметі.*

**Ұяны тазалау**

Өз беттерінше және жауапкершілікпен ұяны тазалап, еңбектерін бағалай білуге үйрету.

*Дидактикалық ойындар.* *Эксперименттер және тәжірибелер*

**«Іздің құпиясын кім тез табады?»**

Қашықтықты бағыттай білу, зеректілік қабілеттерін бекіту

**«Не себепті құстардың ізі, үзілетіндігін түсіндіру»** (құстар ұшады,қанатын және құйрығын ашқандықтан- қарда басқа із қалдырады).

*Өз бетінше іс-әрекет:*

Ойын барысында балалар өзара қарым-қатынас жасау арқылы норманы және ережені меңгеру қабілетін ояту(жүргізу мәдениеті, достық, ұжымдық түсінушілік).

## 17.Мұзды бақылау

***Бақылау***Ауа температурасының күрт өзгеруіне байланысты судың қатты күйге айналуын анықтау, балаларға не себепті ауа температурасы өзгергенде судың қататындығын түсіндіру.

Мұз бұл –қатты суқұрамы екендігін түсіндіру;мұз медицинада тағамды салқын қалпында сақтап тұруға қолданылады.Мұз құрамы- тұнық, суық, қатты екендігін атау.

Өз жауаптарын анық қалыптастырып айтып, сөздік қорларын молайту ; қысқы су құбырларының сұлулығына сүйсіне білуге тәрбиелеу.Суды табиғаттың негізгі көзі ретінде ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

***Көркем сөз***



Дала аппақ, жапалақтап
Қар жауып тұр тынбастан
Қалың орман қар жамылған
Маужырайды түнгі аспан



**Жұмбақ**

Отқа жанбайды,
Суға батпайды. (мұз)

**Жаңылтпаш**

Мұз үсті
Ізі түсті.
Қыз құстай ұшты.

*Қозғалыс ойындары*

**«Мұзды аулаға кіргіз»**

Таяқшаның көмегімен мұзды берілген бағытта сырғанату.Спорттың басқа да түрлерімен таныстыру.

*Еңбек әрекеті*

**Табиғат бұрышында құсты тамақтандыру**

Табиғат бұрышында құсты өз беттерінше тамақтандыруға үйрету (тамақтандыру, суларын ауыстыру).Табиғат аясындағы құстарды аялай білуге тәрбиелеу.

*Дидактикалық ойындар. Эксперимент және тәжірибе*лер

**«Жер! Су! Ауа! От!»**

Балаларға сөздердің дұрыс дыбысталуын үйрету (тәрбиеші-мұз, бала-су,тәрбиеші-құс, бала-ауа, тәрбиеші-от және т.б.)

Тәжірибе. Мұздың еруі.

Қорытынды жасап, сараптай білуге үйрету: тәжірибесінен алған қуанышты аша білу.

## 18.Бұлт пен тұманды бақылау

***Бақылау***

Қыс кезіндегі табиғат көріністері туралы білімдерін кеңейту; қыс мезгілінде аспанды жиі бұлт басады; ақырын қар жауа бастайды. Байқампаздықты арттыру.

***Көркем сөз***

*Ақ киімді, денелі,ақ сақалды*
*Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,*
*Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,*
*Басқан жері сықырлап келіп қалды.*



**Жұмбақтар**

Көшіп жүріп желменен,
Сеуіп шықты тамшысын.
Қыраттарға шөлдеген. (бұлт)
Аспан түйді қабағын,
Сұр пердесін керді де,
Жапты жердің табанын. (тұман)
Сұрғылт түтін,
Бүркесе маңайды,
Адастырар талайды. (Қарлы бұлт)

**Болжамдар**

Қыста тұман төмен болса- ызғарға.
Тұман түссе-күн жылынады.
Қыста тұман жолақтармен болса-жылылыққа, ал жазда –жаңбырға.

*Қозғалыс ойындары*

**«Жаяу көкпар»** (қазақтың ұлттық ойыны)

Қуысу арқылы жүгіруді бекіту (көкпарға дейін жүгіріп, мәреге келу); ойын ережесін сақтау (киімнен ұстауға,итеруге,дөрекілікке рұқсат жоқ). Батырлыққа, күштілікке, икемділікке тәрбиелеу.

*Еңбек қызметі*

**Ойын үшін қардан жасалған құрылыс (ұшақ, қалашық, машина)**

Біріккен іс-әрекет арқылы жақсы көңіл-күй сыйлау; құрастыру қабілетін дамыту, құрылыс жасау үшін конструктормен жұмыс жасау.

*Дидактикалық ойындар. Эксперимент және тәжірибелер*

Тәжірибе. «Қандай құрылым?»

Қардың, судың, мұздың құрылымын салыстыру, қатынас ерекшеліктерін анықтау. Суды, мұзды, қарды мұқият қарау. Ерекшеліктері мен ұқсастықтарын тауып, қайсысы ауыр екенін салыстыру(су ма мұз ба, су немесе қар,қар немесе мұз).Бұлардың бәрін біріктірсе не болады?(қар немес мұз ериді); біріктіргенде қалай өзгеретінін салыстыру: су мен мұзды (су мөлдір, суық болады, көлемі көбейеді, өйткені мұз ериді) қар мен мұз (бірікпейді).

# «Көктем» мезгіліне арналған серуен картотекасы

## «Көктем» мезгіліне арналған серуен картотекасының мазмұны:

Ауа райындағы өзгерістерді бақылау
Ілініп тұрған мұзды бақылау
Ағаштарды бақылау (бұтақ)
Қалың қардың азаюын бақылау
Күнді бақылау
Су тамшыларын бақылау
Аспанды бақылау
Батпақтарды бақылау
Бұлттарды бақылау
Қардың еруін бақылау
Жылғалардан аққан қар суын бақылау
Аспанды бақылау (бұлттылық)
Табиғаттағы көктемдегі өзгерістерді бақылау
Көктемгі алғашқы шөптері бақылау
Ағаш бүршіктерін бақылау
Жауынды бақылау
Жауыннан кейінгі табиғатты бақылау
Табиғаттың құбылыстарын бақылау

**Ауа райындағы өзгерістерді бақылау** №1

**Мақсаты:** Ауа райындағы өзгерістер туралы түсінікті қалыптастыру; ауа райындағы жаңа өзгерістерді бақылауға үйрету.

Көктем мезгілі басталғанда ауа райы құбылып тұрады, күн өткен сайын ауа райы жылына бастайды. Күн жарқырайтын болғандықтан ашық күндер көбейеді, аспан өзінің сұр түсін ашық көгілдір түске ауыстырады. Балалардың бақылаушылық қабілетін жетілдіру.

**Болжам:** қыстағы суық – жаздағы ыстық.

**Мақал – мәтел:** «Бір тал кессең, он тал ек», «Мезгіл жетсе, мұз ерір».

**Жұмбақ:**

Азанда шашып тастайды,
Ымыртта жия бастайды.
(Көктемде егу, күзде жинау)

**Қозғалмалы ойынның атауы:** «Қасқырдан қаш»

**Мақсаты:** Балаларды шапшаң қозғала білуге, ептілікке үйрету. Қимылдық ойындарды қызығушылықпен ойнауға тәрбиелеу.

**Алаңдағы еңбек:** Ауланы жинау және реттеу.

**Ілініп тұрған мұзды бақылау** №2

**Мақсаты:** Төбеде ілініп тұрған мұздарды қарастыру. Мұздардың көлемінің, пішінінің әр түрлілігіне назар аударту.

Мұздардың пайда болуын түсіндіру.(қар ериді, су тамшылайды, бірақ ауа райы әрдайым жылы болып тұрмайтындықтан суық болғандықтан су тамшылары қатып қалады)

**Болжам:**

Мұздың көп қатуы-көктемнің ұзаруы.

**Мақал – мәтел:**

Қыс азығын жаз жина.

**Қимыл-қозғалыс ойыны**: «Үйсіз қоян»

**Мақсаты:**Балаларды бір аяқпен секіруге үйрету.

**Алаңдағы еңбек**: Аула сыпырушыға қар тазалап көмектесу. Қарды ағашты түбіне жинайды.

**Ағаштарды бақылау (бұтақ)** №3

**Мақсаты:** Балаларды ағаштардың дінімен бұтақтарын ажырата білуге үйрету. Табиғаттағы өзгерістерге қарап, қуану сезімдерін ояту.

**Болжам:**

«Қарағаштан бұрын, ақ қайыңның жапырақ жаюы- жаздың құғақ болуы».

**Мақал - мәтел:**

«Адам еңбегімен, ағаш жемісімен қымбат»; «Егер су наурызда ақпаса - шөп сәуірде өспейді».

**Тақпақ: «Көктем»**

Қар еріді күн шықты,
Күндер туды шуақты.
Байтақ дала келбеті,
Түкті кілем секілді.

**Жұмбақ:**

Жазда тұрып жоғары, күзде жерге қонады. (Жапырақ)

**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Ағаштан-ағашқа».

**Мақсаты:** Балаларды екі аяқпен секіріп алға қарай жылжуға үйрету.

**Аландағы еңбек:** Ауланы жинау және реттеу.

**Қалың қардың азаюын бақылау** №4

**Мақсаты:** Көктем мезгіліндегі қардың, өзгеру жағдайы жайлы білімін жетілдіру. Танымдық қызығушылығын жетілдіру.

Күннен-күнге қардың азаюын және түсінің сұрлануын, қар бетінің қатуын әңгімелеу.

**Болжам:**

Қардың тез еруі, судың қатты ағуы- жаздың жаңбырлы болуы.

**Мақал- мәтел:**

«жақсылап жыртып жеріңді, кезіде ексең егінді, аларсың мол өнімді»;

**Тақпақ:**

Табиғат ол анамыз,
Табиғатқа баламыз.
Құшағында ойнаймыз,
Шаттық әнге саламыз.

**Жұмбақ:** Қолсыз есік қағады. (Жел)

**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Жолды тап».

**Мақсаты:** Балаларды кеңістікті бағдарлауға үйрету.

**Аландағы еңбек:** «Жолдарды қалған қардан тазалау».

**Күнді бақылау** №5

**Мақсаты:** Көктем мезгіліндегі күндегі белсенді өзгерістерді көруге үйрету. Балаларға күннің адам өмірі үшін, өсімдіктер үшін, жануарлар үшін, қажеттілігін әңгімелеу. (Күн жоғарлаған сайын, күн шуақтары көп жылу шашады)

**Болжам:**

Күн болғанда жылу болады, анаң болғанда мейірім болады.

**Мақал- мәтелдер:**

Жел дауылды шақырады, бұлт жауынды шақырады.

**Жұмбақ:**

Қос қанатын иіп ап,
Жарға келіп қонады.
Қара киім киіп ап,
Балшықтан үй соғады. (Қарға)

**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Күн мен түн».

**Мақсаты:** Балаларды күн мен түнді ажырата білуге үйрету.

**Алаңдағы еңбек:** Алаңды қоқыстан тазарту.

**Су тамшыларын бақылау** №6

**Мақсаты:** тірі емес табиғат туралы көзқарасты кеңейту; басқа табиғи құбылыстар арасындағы қарым-қатынасты орнатуды қалыптастыру. Тәрбиеші және балалар күндіз төбеде қардың қалай еритінін бақылайды. Жерге тамшылап түседі. Жерге түскен тамшылар қалай шылдырлайды екен? Бұл құбылыс қалай деп аталады? Қар еріп өз ақтығын жоғалтады. Тәрбиеші тапсырма береді: кешкі серуенде ілініп тұрған мұзды бақылау.

**Мақал-мәтелдер:**

«Қара құс басып жейді, сұңқар құс шашып жейді».

**Тақпақ:**

Аш қақпанды ай қара,
Көктем келе жатқанда.
Ақ қар еріп, батпақ су.
Келді наурыз айы да.

**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұшақтар»**

**Мақсаты:** Балаларды бір -біріне соғылмай жүруге, белгі бойынша қозғалуға үйрету.

**Алаңдағы еңбек:** Төбеден құлаған мұздарды жинау.

**Аспанды бақылау** №7

**Мақсаты:** Балаларды ойлауға, өздігінен бақылай білуге үйрету. Тәрбиеші балаларға көктемгі аспанға карауды ұсынады. Қысқы аспанмен көктемгі аспанды салыстыру. (қыста аспан көбінде сұр түсті, ал қазір көк аспанды байқаймыз және аспанда ақ бұлттар пайда болды)

**Мақал мәтел:**

«Наурыз - көктемнің шапағаты»;

**Жұмбақ:**

Төңірегі тең көрініп,
Теген жатыр төңкеріліп,
Жас та сиған, кәрі сиған,
Астына оның бәрі сиған. (Аспан)

**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Айгөлек»

**Мақсаты:** Балаларды байқампаздыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, үйрету.

**Алаңдағы еңбек:** Аланда тазалық жұмыстарын ұйымдастыру.

**Батпақтарды бақылау** № 8

**Мақсаты:** көктемдегі өзгерістердің бірі батпақтың пайда болуы жайлы түсінік беру. Тәрбиеші және балалар батпақты бақылайды. Батпақ қалай пайда болады? Олар күн жылынғанда қайда кетеді?

**Болжам:** Құстар үрпиіп отырса күн суытады.

**Мақал - мәтел:** «Қыран құс қисық ұшып, түзу ілер».

**Тақпақ:**

Үйге кірші торғайым,
Мен аяздан қорғайын.
Жем шашамын, жегейсің,
Үйшік жасап берейін.

**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Жалаушаға дейін кім тезірек?».

**Мақсаты:** шапшаңдылықты жетілдіру, бір-біріне көмектесіп, топтасып ойнайға калыптастыру.

**Алаңдағы еңбек:** Бала бақшаның айналасы қардан тазарғандықтан, Тәрбиешібалаларға тазалық жасауды ұйымдастырады.

**Бұлттарды бақылау** №9

**Мақсаты:** Балалардың бұлттар жайлы түсініктерін қалыптастыру, аспан әлемінің әдемілігін көруге үйрету.

Тәрбиеші балалраға ауаның жылуынан бұлттың пайда болғанын түсіндіреді. Көп қар ерісе бұлттар көбейеді.

**Жұмбақ:** Қанатсыз ұшады,
Аяқсыз жүгіреді,
Желкенсіз жүзеді. (Бұлт)

**Болжам:** наурыздағы тұмандар жаңбырлы жаз болатынынайқындайды; егер тоқылдақ наурызда қақса, жаз кешірек болады.

**Мақал - мәтелдер:**

«жазғытұрым еңбек еткен, күзде бай болады»; «үлпілдек жүнді жазда қызыл талда көрдім».

**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Аю және аралар».

**Мақсаты**: Балараарды қимыл қозғалыс үйлесімділігіне, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

**Алаңдағы еңбек:** Аланда тазалық жұмыстарын ұйымдастыру.

**Қардың еруін бақылау** №10

**Мақсаты:** көктемдегі құбылыстардың өзгерісі туралы көз қарасын қалыптастыру, қызығушылығын тудыру, көңіл бөле білуге үйрету.

Тәрбиеші және балалар көктемдегі өзгерісті бақылайды. Тәрбиеші аспан ашық бұлтсыз сондықтан күн жылы дейді. Қар қай жерде тез ериді? Көлеңкеде ме әлде күнде ме? Неге қар күнде ериді, ал көлеңкеде неге ерімейді. Балалардың киім киюө өзгерісін қарау.

**Болжам:** Егер төбелерде үлкен сүңгілер пайда болса, көктем ұзақ болады; қар күннен жылуынан ерісе, өнімді жыл, жауын ерісе – құрғақшылық болады.

**Мақал – мәтел:** «Құр ағашқа– құс қонар.

**Тақпақ «Қызғалдақ»**

Қар еріді, күн шықты,
Күндер туды шуақты.
Байтақ дала келбеті,
Түкті кілем секілді.

**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қоңыздар».

**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.

**Алаңдағы еңбек:** Қалған қардан бала бақшаның аумағын жинау.

**Жылғалардан аққан қар суын бақылау** №11

**Мақсаты:** Көктемдегі өзгерістердің бір-бірімен байланысын білуге үйрету. Тәрбиеші қар еригеннен пайда болған, суды бақылатады. (Неден пайда болады? Қайда ағып барады? Қандай дыбыс шығарады?)

**Болжам:** егер торғай үрписе - аяз болды, қауырсындары тегістеелсе – жылы болады.

**Мақал - мәтел:** «Қарлығашқа қайда ұшпасын, жазғытұрым қайта келеді»; «Жазғытұрымды қарлығаш шақырады, бұлбұл жазды аяқтайды».

**Тақпақ: «Көктем»**

Төңірек ашық тұман жоқ,
Көктен нұрын күн септі.
Тоғайда, көлде той қылып,
Қаптады құстар жер көкте.

**Жұмбақ:** Жылт-жылт өтеді,
Жылғалардан өтеді. (Су)

**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Аққу-қаздар».

**Мақсаты:** Балаларды қимыл-қозғалыс үйлесімділігіне, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

**Алаңдағы еңбек:** Гүл егетін орындарды қоқыстан тазарту.

**Аспанды бақылау (бұлттылық)** №12

**Мақсаты:** аспан әдемілігін көруге қалыптастыру; ой өрісін кеңейту; (түнерген, жаңбыр, қар бұлттары) сөздік қорды молайту. Тәрбиеші және балалар аспандағы бұлттарды бақылайды. Бұлттардың санын және формасын, бағытын бақылау. Бұлт деген не? Бұлттар қайданпайда болады? Әр бұлтқа анықтама беру.

**Болжам:** егер найзағай ерте жазғытұрым жарқыраса, тарсылы естілмесе, жаз салқын болады.

**Мақал-мәтел:** «Наурызда құстар шалшықтан су ішіп, мас болады».

**Жұмбақ:**

Етек – жеңі жиналмай,
Дауыл тұрса дым қалмай.
Түйдектеліп көшеді,
Тоз-тоз болып өшеді. (Бұлт)

**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бағбан»

**Мақсаты:** гүлдердің атын атауға оқытып, ептілікті жетілдіру.

**Алаңдағы еңбек:** Қалған қардан бала бақшаның аумағын жинау.

**Табиғаттағы көктемдегі өзгерістерді бақылау** №13

**Мақсаты:** Көктемдегі өзгерістер туралы білімдерін, көктемнің өзгерістерін салыстыруға, табиғаттың жандануын байқауға үйрету.
Тәрбиеші және балалар көктемдегі табиғат өзгерістерін бақылайды.

**Болжам:** Ашық ауа-райында биік түйдек бұлттар пайда болса, күн жылынады.

**Мақал-мәтел:** «Наурызда су, сәуірде шөп»

**Тақпақ: «Наурыз той»**

Күн мен түң теңелді,
Жер шуаққа кенелді.
Соны тойлар ел енді,
Наурыз тойы салтымыз.
«Көгерсін» деп халқымыз
Көшеге тал егеді.

**Қимыл қозғалыс ойыны: «Бірге адымдайық»**

**Мақсаты:** Ес, зейін, тыныс алу ырғағын дамыту.

**Алаңдағы еңбек:** Қар астында қалып қойған, шөптерді жинау.

**Көктемгі алғашқы шөптері бақылау** №14

**Мақсаты:** Балаларды өсімдіктерге қамқорлықпен карауға және олардың ерекшеліктерін білуге үйрету.
Тәрбиеші балалармен бірге алғашқы шөпті бақылайды. Күн қыздырған жерде алғашқы көк шөп шыға бастайды. Мынадай қорытынды шығады: Күн қыздырған жерде қар ериді, топырақ қызды шөп өсе бастады.

**Болжам:**

Көп қар – көп нан,
Көп су-көп шөп.

**Нақыл сөздер:** нөсер алдында найзағай ойнайды.

**Жұмбақ:**

Бізге жаңбырда, аязда көмектеседі,
Өзі жасыл әрі жақсы,
Әрқашан барлық қолын созар
Және барлық құшағын (тал)

**Қозғалмалы ойындар:** «шөптегі хоккей»

**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, мергендікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.

**Ойын жүрісі**: Допты қақпаға көздеп кіргізу.

**Алаңдағы еңбек әрекеті:** Қар астында қалып қойған, шөптерді жинау.

## Ағаш бүршіктерін бақылау №15

**Мақсаты:** Ағаштардың жыл мезгілдеріне қарай өзгеріп, бүршік атуын бақылау. Қайынмен теректің бүршік атуын, бүршіктің домаланып,жапырақтаардың пайда болуын түсіндіру. Күн жылынып жер суға сіңіп, тоғайдағы бүршіктер шыға бастайды.Әр түрлі ағаштардың бүршіктерін салыстыру.

**Жұмбақ:**

Ағайынды бәрі,
Шықса – жасыл,
Түссе сары (жапырақ)

**Тақпақ: «Көктемде»**

Көктем, көктем, көктемде,
Құстар келіп жеткенде.
Қуанып бір қаламыз,
Әнмен қарсы аламыз. Қ.Аманисалов.

**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Күн мен жаңбыр»

**Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

**Аландағы еңбек әрекеті:** Аланды қоқыстан тазарту.

## Жауынды бақылау №16

**Мақсаты:** Балалардың жаңбыр туралы білімдерін кеңейту.

Аспанды қара түнек бұлт басты. Жел басталып, ағаштарды қатты тербелтті. Айнала бірте – бірте қараңғылана бастады. Құстар шиқылдап бас сауғалап барады. Алыстан найзағай жарқырап, аспанда күн күркіреді. Жаңбырдың алғашқы тамшылары шатырды ұрғылайды.

**Болжам:** Күн қысқа және біртіндеп күркіресе – жауын жауады.

**Мақал – мәтел:** «Маусым жауынымен бай»; «Қыста аяз, ал жазда жауын».

**Өлең:**

Жау,жау,жаңбыр
Жау,жаңбыр!
Арық суы мол болсын!
Өсімдіктер көп болсын
Жауған жерін шөп болсын!

**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Соқыр теке»

**Мақсаты:** Балаларды жолдастарымен өздерінің қимылдарын бағалауға және бақылауға үйрету.

**Аландағы еңбек әрекеті:** Аланды қоқыстан тазарту.

**Жауыннан кейінгі табиғатты бақылау** №17

**Мақсаты:** Балаларды жауыннан кейінгі табиғаттағы өзгерістерді байқауға үйрету. Тәрбиеші балалармен бірге көктемгі жауыннан кейін ауадағы өзгерісті (дымқыл ауа), топырақтағы өзгеріс (батпақтың болуы) және өсімдіктегі су тамшыларын бақылатады.

**Болжам:**

Күн қысқа және біртіндеп күркіресе – жауын жауады.

**Мақал – мәтел:**

«Маусым  жауынымен бай»; «Қыста аяз, ал жазда жауын».

**Қимыл-қозғалыс  ойыны:** «Ордағы қасқыр»

**Мақсаты:** Қозғалмалы ойындар мен жаттығулардың алғашқы түсініктері мен дағдыларын қалыптастыру. Балаларды достық қарым – қатынасқа тәрбиелеу.

**Алаңдағы еңбек:** Аланды қоқыстан тазарту.

**Табиғаттың құбылыстарын бақылау** №18

**Мақсаты:** Табиғаттың құбылыстарын бақылау және бір – бірімен тығыз байланыста екенін атап өту. Көктем жыл мезгілінің келгенін, ауа райының өзгергенін байқату. Құстармен жәндіктердің пайда болуын, ойын аланының өзгергенін байқату.

**Мақал – мәтел:**

Жаз сайға қонба,  
Қыс қырға қонба.

**Жұмбақ:**

Бәрі оны сүйеді,  
Оған басын иеді.  
Бірақ оған қараса,  
Көздерін сығырайтады.          (күн)

**Қимыл-қозғалыс  ойыны:** «От және су»

**Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа, ұжыммен бірлесіп ойнай білуге үйрету.

**Алаңдағы еңбек:** Аланды қоқыстан тазарту.